

ӘОЖ 8.81

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БАСТАУ ТАРИХЫН ТАНУДАҒЫ МИФОЛОГИЯНЫҢ ТАРИХТЫҚ ЖӘНЕ ТІЛДІК ДЕРЕКТЕРІНІҢ РӨЛІ

Спатаева Еркежан Серікболқызы

Erkejan_96_96@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Түркітану мамандығының
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қойшығара Салғараұлы

Түрік халықтары ғұмырнамасының дәстүрлі ресми тарихта көрсетілгендей, х.э. кейінгі VI ғасырдан басталмайтындығын, олардың есте жоқ ескі замандардан бар ежелгі көне халықтардың бірі екенін мифологияның танымдық толғамдарының тілдік, тарихтық деректері арқылы дәлелдейміз. Бұл ретте Африка жерінде сонау көне замандарда өзгелермен бірге түрік халықтарының ата-бабаларының да өмір сүргенін солардың өздерінен қалған нақты айғақ: әлем халықтарының мифология деректерінде сақталған түріктік жер-су аттары (топонимдер мен гидронимдер), кісі есімдері (антропонимдер), ел-жұрт атаулары (этнонимдер) арқылы ғылыми тұрғыда талданады. Белгілі бір шындыққа қол жеткізу үшін заттық айғақтар мен жазба деректерге сүйенген ресми тарих дерегінен гөрі сол замандарда өмір сүрген халықтардың кейінгі ұрпақтарының ата-бабаларынан естіп, өздерінің жадында сақтап, бірден бірге жалғастырып, бүгінге жеткен ауызша тарихының (мифтердің, аңыз-әңгімелердің, ертегілердің, ерлік дастандарының және т.б.) берер тарихтық, тілдік деректеріне зер салу. Сол деректерді түріктік таным-түсінік тұрғысынан зерделеу. Ресми тарих ғылымының тарихты тек археологиялық заттық айғақтар мен жазба деректер арқылы жазуды міндеттейтін ұстанымы ізденушіге кедергі болмауға тиіс. Мұнда басты назар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан ауызша тарихтың дерегіне аударылуы парыз. Өйткені адамзат баласының бастау тарихын әлем халықтарының мифологиясы берер деректерсіз өз болмысында тану мүмкін емес. Тек мұнда айтушының кезінде тыңдаушысын ұйытып, қызықтыра еліктіру үшін өз жанынан шығарған әсерлендіретін қоспаларынан, яғни түрлі құдайлар мен құбыжықтардан, әсіре бояулардан тазартып, шындық дәнін аңыз қауызынан аршып алатын білімді де білікті зерде керек. Сонда мифологияның тілдік және тарихтық дерегі адамзат баласының бастау тарихының арқауына айналып, өткеннің шынайы болмысын тануға жол ашады.

Әлем халықтарының мифологиясы мен байырғы діни кітаптарының берер деректерінен он сегіз мың ғаламды Жаратушының жер бетіндегі барлық жан иелерін жаратқанда, солардың күнін көріп, өмір сүруіне және ұрпақ өсіруіне мүмкіндік етіп беретіндей етіп, әрқайсысына өзіне лайықты қарым-қабілет, сана-сезім, тіл бергені мәлім. Сондай-ақ, адамзат баласының жаратылғаннан бергі өмір жолының бастау кезеңін дәуірлерге бөліп қараған ресми дәстүрлі тарих ғылымы секілді халықтың ауызша тарихының да дәуірлерге бөліп қарастырғанын. Оның басты дерегі ретінде ең алдымен грек мифтерін зерттеген орыс ғалымы Николай Албертович Кун өзінің «Мифы Древней Греции» («Көне Греция мифтері») атты еңбегінде әр ғасырдың адамдары жөнінде аз да болса шолу жасап, кезеңдерді қамтып атап көрсетеді. Жаратылыстың бастауына қатысты өзіндік мәлімет беретін грек мифологиясы Жер бетіндегі тіршілікті жаратып, соған әмірін жүргізген құдайлардың

алғашқысы – аспан құдайы Уран мен жер құдайы Гея екені белгілі. Ал Крон құдай болса, ол – осы Уран мен Геяның баласы. Осыған орай адамзат баласының өмір жолын кезеңге бөлген миф авторларының «аспан құдайы» Уранның заманын аттап өтіп, адамзат тарихын Кронның дәуірінен бастап, оны «адамзат баласының алтын ғасыры» деп есептеген. Яғни, алғашқы адамдардың жер бетінде пайда бола салып, бірден жетіліп кетпегені, белгілі бір кезеңде қалайда жабайылық дәуірді бастан өткергені айқын дәлелі. Овидийдің «Метаморфозы» поэмасы мен Эсхилдің «Прометей прикованный» трагедиясындағы және грек мифологиясындағы құдайлар дәуірінің кенжесі Зевстің ғашығы Құдай-Ана Инахақызы Ио жөнінде көптеген маңызды мәлімет береді. Тарих атасы Геродоттың әйгілі «Тарихындағы» аңыздарды ерекше атаған жөн. Сондай-ақ «Мифы народов мира» атты энциклопедия мен жас ғалым А. Айзахметовтің «Рождение тюркского мира» атты еңбегінде матриархаттық дәуір кезінде «Күнтегілердің» ұрпағы мен олар басқарған елден – «Ас», ал «Ай бауырлары», яғни «Айдың ағалары мен інілерінің» ұрпағы мен олар басқарған елден – «Ман» аталатын халықтар қалыптасқан осы аталған еңбектерден кеңінен байқауға болады. Сонымен қатар, Дж. Томсонның «Исследования по истории древнегреческого общества. Доисторический Эгейский мир», Гесиодтың «Работы и дни», «Теогония», С. Қондыбайдың «Қазақ мифологиясына кіріспе», Гомердің «Илиада», «Одиссея», Қ. Салғараұлының «Жер-жаһанда арғытаңның ізі бар» сынды еңбектерінің маңыздылығы ерекше. Тек шынайы жазылған тарих ғана дұрыс таным-түсінікті қалыптастырып, адам санасын жетілдіреді, ал жалған тарих таным-түсінікті шатыстырып, ұрпақтың өз тірлігінде жаңылысты шалыс қадамдар жасауына себепші болатынын білеміз.

Алғашқы адамдар өздерінің эволюциялық даму жолының бастауында басқа да жан иелері секілді тек күнделікті тірліктің қамымен ғана болған. Олардың ол кезде құдайлармен де, басқа толып жатқан құбыжықтармен де шаруасы болмаған. Соған орай олардан қалған әңгіменің негізгі арқауы да сол күнкөрістен, соған қатысты таным-түсініктің төңірегінен әріге ұзамаған. Тек кейін барып, бірте-бірте еңбек құралдары жетіліп, күнкөрістің терімшіліктен басқа да көздері ашыла бастаған кезде бұған дейін артықшылықта болып келген дене күші енді бәріне икемді сана қуатына жол беріп, ақыл алға шыққан кезден бастап жаратылыс табиғатынан ерекше қабылетке ие кейбір ақылды жандар төңірегіндегілерінің табиғатпен күрестегі дәрменсіздігіне куә болу арқылы оларға көмектесу мақсатында өздерінің қиялдарына ерік беріп, жақсылығына медет берер, жамандығын жазалар – түрлі құдайлар мен құдырет күш иелерін ойлап тапқан және оларды кейін өздерінің жеке басының мүддесіне пайдаланудан да қашпаған секілді. Көне замандарда жоғары билік тізгініне қол жеткізгендердің өздерін әрі патша, әрі құдай етіп көрсетулері осының айғағы. Бұлардан өз мүмкіндіктеріне қарай абыз–әулиелер де тыс қалмаған.

Адамзат баласының кіндік кескен өңірінен өсіп-өніп, жан-жаққа таралу үдерісі де – бір бағытта, бір қалыпта өтпегені түсінікті. Саң мыңжылдықтар ішінде сан қайталанған бірігулер мен ыдыраулар, басқыншылық соғыстар мен әйгілі қоныс аударулар тудырған сапырылыстар бұған өз ықпалын тигізіп, өз түзетулерін енгізіп отырғаны шындық. Бүгінгі «түріктестес» деп танылған халықтардың ата-бабаларының да осындай өзгерістерге толы соқтықпалы соқпағы көп ұзақ жолды бастан өткергені белгілі. Түрік халықтарының бастау тарихын адамзат баласының бастау тарихымен сабақтастырып, тамырластыра тарату да, оған тарихи санасы басқаша қалыптасқан бүгінгі халықты сендіру де оңай шаруа емес екені анық. Айтқандарыңа айғақ, көнелікке куәлік беруің керек. Ел жадында жатталып, ұрпақтан ұрпаққа ұласып, кейінгіге жеткен әр халықтың өз ауызша тарихының, мифтік әңгімелер мен аңыздары дерегінің, тілдік мұраларының, археологиялық қазба материалдардың берері аз емес.

Түрік халықтарының кеше пайда болған жас халық емес, адамзат тарихының бастауында тұрған ежелден бар, көне халықтардың бірі екенін халықтың өзінің ауызша тарихы мен ресми тарихтың деректерін салыстыра зерттеп, олардың нәтижесін жекелеген зерттеуші ғалымдардың ой-тұжырымдарымен сабақтастыра саралай отырып дәлелдеуге тырыстық. Яғни, ежелгі дүние адамдарының танымымен еншілесіп жатқан ауызша тарихтың

күрделі бір саласы – мифологияға қарай бұрып, ойымызды бірыңғай тек соның деректері арқылы негіздеп көрдік. Грек мифологиясында көп құдайдың пайда болуы, құдыретті күш иелерін ойлап тауып, оларға жан бітіріп, кейін оларды жеке бастың мүддесіне пайдаланған. Қарапайым пендеден ешқандай айырмашылығы жоқ болған. Деректердегі құдайлардың бір-бірінің балаларын өлтіріп, туған баласын жұтқан секілді оқиғаларға куә болдық. Барлық құдайлар мәңгілік Хаостан жаратылып, кейін бөлініп, жеке-жеке тарала бастаған. Николай Кунның «Көне Греция мифтері» атты еңбегінде әр ғасырдың адамдары жөнінде кезеңдерге бөліп ажыратуы. Олар алғашқы жер бетінде әмір жүргізген аспан құдайы Уран мен жер құдайы Гея, алтын дәуір құдайы Кронос пен Рея және Олимп құдайы Зевс пен қызғаншақ Гера, үшінші ұрпақ Зевстің әйелі әрі қарындасы табиғатты жаңартушы, өліні тірілтіп, өсімдікке жан бітіруші, егіншіліктің құдайы Деметра жөнінде де баяндалады. Есімдерінің шығу тәркінін (этимологиясын) қайдан, қалай келгенін бірнеше еңбектермен айқындадық. Мысал ретінде қысқаша айта кетер болсақ, ежелгі гректердің «Уранына» - «Оран» сөзі үндіеуропалық ортақ түбір А. Акишевтің «иер-ге» «ор, иір» сөздері дыбыстық үндестік жағынан да, мағыналық ұғымы жағынан да тікелей түріктік паралель болып табылады. Тек үндіеуропалық ортақ түбір «иер» (вер) сөзінің негізінде пайда болған дегенді аңғартады. Гея – ежелгі көне түрік тілінің же және ұя деген екі сөзінің бірігуі арқылы жасалынған. «Же-мекен», яки «жер мекен» дегенді білдіреді. Же-ұя грекше Ге-ұяға айналып Гея пайда болған. Геядан кейін екінші «жер анасы» деп аталатын Уран мен Геяның кенже қызының есімінің басқаша емес, «Рея» («ыр+ұя», «р+ұя») мәні де осыған байланысты айқындалды. Және де үшінші әйел-құдайдың есімінің «Гера» аталуы да, «же» мен «ыр» бірігіп, «жер» (гер) деген түсініктің қалыптасқаннан кейін пайда болғаны анықтайды. Сондай-ақ, сөзді текке (родқа) бөлетін дәстүрлеріне сай атаудың әйелге қатысты екенін білдіретін «а» жалғауын қосып, «Гера» деп өзгерген. Бірінен кейін бірі «жер анасы» аталған алғашқы әйел-құдайлардың есімдерінің осындай сөз жасаудың бір заңдылығы бойынша өзара сабақтаса жалғасып, мағыналық ұғымда өмірге келген. «Деметр» сөзі де «дем» және «етір» деген екі сөзінен құралған. «Тірілтуші», «дем салушы», «жан бітіруші» деген мағынада. Жалпы миф деректерінде Деметрдан кейін Исида мен Осирис құдайлардың есімі де бірге аталады. Осирис – жерасты патшалық құдайы, ал Исида – құнарлылық әйел құдайы.

Сонымен қоса, мифология деректеріне сүйенсек, адамзат баласының көп құдайларды ойлап тапқанға дейін жердегі болатын бар құбылысты тудырушы Ай мен Күн деп түсініп, соларға табынғанын аңғаруға болады. Бұған, «Әлем халықтарының мифтері» атты энциклопедиялық екі томдықта берілген «Лунарные мифы» және «Солярные мифы» деп аталатын топтамаларды оқыған кез келген адам көз жеткізе алады. Күнді құдай тұтып, соған табынған жұрттың билеушілері өздерінің тегін «күннен жаратылған» деп жариялап, «Күн тегі» атанған. Сол кезде «Күн тегі» атанғандар әулетінен шыққандарды әрі құдай, әрі патша санаған. Түріктестердің ежелгі африкалық ата-бабаларының Күн мен Айға табынғанына қазіргі қолданыстағы «рас» пен «рай» сөздерін айта кетуге болады. «Рас» сөзі күн символының аты «Ра» ас халқының атауымен (Ра+Ас) бірігіп, «астың құдайындай шын дегенді, ал «рай» көне дастандардағы аруларды «ай мен күндей» деп суреттегендегі теңеудің көне баламасы («Ра+Ай»). Мысалы, «ауа райы» немесе «жер райы» т.б.

Осы «Күн тегілерден» бір саты төмен тұрған абыздар өздеріне Айды еншілеп, «Айдың ағасы мен інісі» («Младшие и старшие братья Луны») деп жариялаған. Мұндай түсініктің болғандығы көптеген халықтардың мифтік аңыз-әңгімелерінің дерегінен айқын көрсетілген. Бастапқыда, дінбасы ман-абыздар «Ай бауырлары» аталғанымен, кейін олар көбейіп тұтас айналғанда оның құрамына басқа жұрттарда кіріп, бәрі «ман» аталып кеткендіктен, тарихқа белгілі «найман» («Іні-Ай-Ман») халықтық атауы шыққан деген болатынбыз. Овидийдің «Метаморфозы» поэмасы мен Эсхилдің «Прометей прикованный» трагедиясы мен грек мифологиясындағы құдайлар дәуірінің кенжесі Зевстің ғашығы Құдай-Ана Инахақызы Ио жөнінде көптеген маңызды мәліметтер назарды бірден өзіне аудартады. Басты ерекшеліктері – Зевстің көп көңілдерінің ішінен тек бір Ионың ғана Африкада жалғыз өзінің жеке дара болуы еді. Осында оның тана жұртының әрі Құдай-Ана ретінде

танылуы, Ионың бүкіл Египет патшаларының тұпаансы болуы, осылардың бәрінің мифтік қиял жемісі емес, өмір шындығымен тамырласып жатқанын тарих атасы Геродоттың тарихта болған оқиға дерегімен негіздеуі толық айғақ.

Көне аңыз дерегін түрікке жақындату мақсатында Иоға байланысты айтылған жер-су, ел атаулары да одан әрі көз жеткізе түседі. Азаптардан қиналып, Африкаға жеткен Ионың ақ танадан адам кейпіне айналып, тыныштық тауып тұрақтаған жеріндегі аңызда айтылатын жер-су атауларын барынша зерттеуге тырыстық. Олар: «Бибілі тауы», «Ніл дариясы», «Тыныс Ном», «Тана өзені», «Тана көлі», «Тана жұрты», «Египет», «Йер-қон», «Танай». Бұлардың сөздік төркінін түгелдей қазіргі түріктестес халықтардың тілдік қорында бар сөздермен дыбысталуының да, мағынасының да бірдей болуы одан әрі бекіте түседі. Сонымен бірге осыдан 35 мың жыл бұрын жасалынған бір ескерткішке қатысты толықтай мәлімет берген ауызша тарихқа көңіл аударып, кімге жасалынғанын, өмір сүрген заманымен салыстырып, ежелгі ескі ру-тайпалардың да тарихын танып-білуге болатындай. Осындай мифологияның бізге берер тарихтық, тілдік деректері арқылы адамзат баласының ресми ортақ тарихындағы түрік халықтарының ғұмырнамасының х.э. кейінгі VI ғасырдан басталуының дұрыс еместігін, олардың ертеден бері пайда болғанын, ежелгі көне халықтардың бірі екенін барынша айқындаған секілдіміз. Халықтың ауызша төл тарихын бүгінге жеткізген сөздердің сыртқы болмысын, ішкі мәнін танып, олардың айтар ойларының астарына терең үңілуіміз керек. Себебі, естен өшкен ескі заманның бізге беймәлім небір құпияларын ашуға сонда ғана жаңа мүмкіндіктер туады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Салғараұлы Қ. Жер-жаһанда арғытанның ізі бар. – Павлодар: ЭКО ҒӨФ, 2015. – 246 б.
2. Томсон Дж. Исследования по истории древнегреческого общества. Доисторический Эгейский мир. – М: 1958. – 659 с.
3. Айзахметов А. Рождение тюркского мира. – Тараз: Жамбылский издательский центр «Сенім», 2004. – 296 с.
4. Кун Н. Легенды и мифы Древней Греции. – Ал. Жалын. 1985. – 384 с.
5. Эсхил «Умоляющие». «Античная литература». – М: Просвещение, 1973. – 411 с.
6. Геродот. История (в девяти томах). Перевод и примечания Г.А. Стратановского. М.: Ладомир, «АСТ», 1999. – 752 с.
7. Токарев С.А. Мифы народов мира. Т. I. – М.: Сов. энциклопедия, 1991. 2-е изд., – 673 с.
8. Акишев А. Искусство и мифология саков. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 176 с.
9. Закиев М. З. Татары: проблемы истории и языка. Сб. Статей. – Казань, 1995. – 464 с.